



ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП НАУБАЙХАНА

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



AI ЖУРНАЛИСТІ АЛМАСТЫРА МА?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТҮРКІСТАНДЫҚТАР – ЕЛОРДА ТӨРІНДЕ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Құқық қорғау органдары түбегейлі өзгерістерге дайын болуға тиіс. Түйткілдің бәрін жан-жақты ойластырып, жоспарлы түрде шешу қажет. Құзырлы органдардың негізгі мақсаты – нақты нәтижеге қол жеткізу. Әділетті әрі қауіпсіз Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіп үстемдігін түбегейлі орнықтыру керек. Бұл – барша азаматтың мүддесін, құқығы мен бостандығын қорғаудың мызғымас тірегі. Қоғамның құқықтық мәдениетін арттырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру қажет.

№76
(4820)
Сейсенбі
1 шілде
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ


A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астанада 1 шілдеден бастап мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде 2025-2026 жаңа оқу жылына арналған топтарды жинақтау жұмыстары басталды. 2 жастан 5 жасқа дейінгі балалар үшін 15 мыңнан астам бос орын қарастырылып отыр. Осы жылдың қаңтар айынан бастап Астанада ваучерлік қаржыландыру жүйесі негізінде мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды қабылдауға арналған пилоттық жоба іске қосылды.

Бұл арқылы ата-аналар балабақшаларды тандап, баласын онлайн түрде орналастыру мүмкіндігіне ие болды. Жыл басынан бері 6 703 балаға ваучер беріліп, балабақшаларға қабылданды. Жаңа жүйенің арқасында балабақша кезегі 40 мыңнан 30 мыңға дейін қысқарды. Ваучерлерді бөлу кезегі бүгін жаңартылады. Қазіргі кезде бас қалада 653 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Оның ішінде 99-ы – мемлекеттік, 551-і – жекеменшік, 3-еуі – ведомстволық балабақша. Барлығы 66 281 бала мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылған.



ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТҚА КӨШЕДІ

Еңбекке жарамсыздық парағы толығымен цифрлық форматқа көшеді. Әрбір азаматтың еңбекке жарамсыздық парағын онлайн түрде талап етуіне толық құқығы бар. Қазір қағаз және электронды форматы да айналымда.

Денсаулық сақтау министрінің арнайы бұйрығы шыққан. Енді ақырындап көшпелі кезең аяқталып, жарамсыздық парағын онлайн беріледі. Тек белгілі бір уақыт өтуі қажет. Қазір медициналық ақпараттық жүйедегі қызмет толығымен жүзеге асырылған, сондықтан еңбекке жарамсыздық парағын электронды түрде алуға болады.

КЕЗЕКТЕН ҚАПЫ ҚАЛМАҢЫЗ!



ӘЛЕМ КУБОГЫ БАСТАЛДЫ



Елордада бокстан ерлер мен әйелдер арасындағы Әлем кубогының үшінші кезеңі салтанатты түрде ашылды. World Boxing ұйымының еліміздегі алғашқы халықаралық турнирі Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында 30 маусым – 6 шілде күндері аралығында өтеді. Кубоктың салтанатты ашылу рәсіміне Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Қазақстан бокс федерациясының президенті Шахмұрат Мүтәліп, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысып, барша қатысушыларға сәттілік тіледі.



КӨШЕНІҢ БІР БӨЛІГІ ЖАБЫЛАДЫ

Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Керей-Жәнібек хандары көшесінің Түркістан көшесінен Сауран көшесіне дейін жөндеу жұмысын бастайды.

Бұл туралы қала әкімдігінің сайты хабарлады. 30 маусым – 6 шілде аралығында көлік қозғалысы екі бағытта бір жағынан кезек-кезеңімен ұйымдастырылады. Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы және ықтимал өзгерістерді ескеруі қажет. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қолайсыздықты азайту үшін уақытша жол белгілері мен көрсеткіштер орнатылады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 601.01 \$ USD/KZT 521.57 ₸ RUB/KZT 6.65 ¥ CNY/KZT 72.64

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҰЛТ САУЛЫҒЫ – ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Уолтер Эдуард Денди атындағы нейрохирургия қоғамдастығының дүниежүзілік X конгресіне қатысу үшін Астанаға келген әлемдік нейрохирургия саласының өкілдерін қабылдады.

Президенттің айтуынша, мұндай форумның Қазақстанда өтуі отандық нейрохирургия жетістіктерінің кеңінен мойындалғанын көрсетеді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Конгресс нейрохирургия саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға зор үлес қосып, озық тәжірибе мен технология алмасуға ықпал ететініне сенім білдірді. «Ұлт саулығы – кез келген елдің қарқынды дамуының негізі. Сондықтан денсаулық сақтау ісін жан-жақты өркендету мемлекеттік саясатымыздың негізгі басымдығы саналады. Қазақстан медициналық инфрақұрылымды жаңғыртуға, маман даярлауға, үдерістерді цифрландыруға және аталған салаға инновациялық әзірлемелерді енгізуге мол қаржы бөледі» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан нейрохирургияда жасанды интеллектіні қолдануға айрықша мән беретініне назар аударды. Сол арқылы медицинаның жоғары технологиялы салаларын белсенді дамытуды қолға алғанын жеткізді. Оның айтуынша, цифрлы және роботты технологиялардың арқасында отандық нейрохирургия саласы өркендеп келеді.

Мемлекет басшысы кездесуге қатысушылардың әлемдік медицинаны дамытуға қосқан елеулі үлесін ерекше атап өтті.

«Әрқайсысыңыз – мыңдаған адамның өмірін құтқарған жоғары деңгейлі мамансыздар. Сіздерді ең қиын жағдайда да адамдардың дертінен айығып кетуіне үміт сыйлайтын ізгі миссия біріктіреді. Астанада өтіп жатқан нейрохирургтер конгресіне қатысу үшін арнайы келдіңіздер. Бұл медицинада шекара жоқ екенін көрсетеді. Нейрохирургияда ғылым мен инновация айрықша рөл атқарады» деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан медициналық технологияларды трансферттеуге, сондай-ақ тәжірибе алмасуға бағытталған халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге ниетті екенін айтты. «Нейрохирургия сияқты жоғары технологиялы салада медициналық туризмді дамыту ісінің әлеуеті зор. Осы бағытта табысқа қол жеткізу үшін орнықты мемлекетаралық байланысты жолға қоюға дайынбыз» деді Президент.

Өз кезегінде кездесуге қатысушылар Қазақстандағы нейрохирургияны дамыту мүмкіндіктерін жоғары бағалап, маман даярлау және озық технологиямен алмасу тұрғысынан қолдау білдіруге уадаласты.

Қасым-Жомарт Тоқаев мазмұнды әрі нәтижелі пікір алмасу үшін ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Денсаулық сақтау министріне нейрохирур-

гияға, жалпы медицина саласына озық технологияларды енгізу шараларын жандандыруды, Қазақстанда шетелдіктерді емдеу бойынша көрші мемлекеттермен үкіметаралық келісім жасау туралы Ұлттық нейрохирургия орталығының басшысы Серік Ақшолоқовтың ұсынысына қатысты жұмыс жүргізуді тапсырды.

Жиында Уолтер Эдуард Денди атындағы нейрохирургиялық қоғамдастықтың президенті, Джордж Вашингтон университетінің (АҚШ) нейрохирургия бойынша профессоры Салим Абдурауф, Н.Н.Бурденко атындағы Ұлттық медициналық нейрохирургияны зерттеу орталығының (Ресей) ғылыми жетекшісі және құрметті президенті Александр Коновалов, Great Ormond Street ауруханасының (Ұлыбритания) балалар нейрохирургиясы мен краниофациалды хирургия бөлімінің жетекшісі, University College London оқу орнының балалар нейрохирургиясы бойынша профессоры Нур уль Овейс Джилани, Humanitas IRCCS зерттеу ауруханасының (Италия) «гамма-пышақ» және стереотаксикалық нейрохирургия департаментінің директоры Пьеро Пикокци, ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ басқарма төрағасы Серік Ақшолоқов сөз сөйледі.

ҮШІНШІ СЕССИЯ: НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?

Кеше Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтіп, онда сегізінші сайланған Парламенттің үшінші сессиясы ресми түрде жабылды. «Біз өз өкілеттігіміздің тура бел ортасына келдік. Іс жүзінде бұл – бірлесе атқарып жатқан жұмысымыздың маңызды кезеңі, межелі белесі.

Шын мәнінде, қазіргі сайланым Мемлекет басшысының «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын жүйелі де, дәйекті түрде жүзеге асырып отырған Парламент деуге болады. Осы жылдары депутаттар ұдайы Президент реформаларының алғы шебінен көрінді» деді жабылу салтанатында сөз сөйлеген Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов.

Оның айтуынша, Парламент депутаттары әрдайым Мемле-

саулық сақтау салалары мен әлеуметтік төлемдерге баса мән берілді. «Биылдың басынан базалық зейнетақы 6,5 пайыз, сабақтас зейнетақы 8,5 пайыз өсті. Әлеуметтік төлемдер көлемі де, оны алушылар саны да артты. Қыркүйек айынан бастап стипендия мөлшерін тағы да көтеру жоспарланған. Кейінгі 5 жылда стипендия екі есе дерлік өскенін атап өткен жөн. Оған қоса, ғылыми атақ үшін де үстемеақы қарастырылды. Сонымен қа-

арналған отырыстарымыз да өз тиімділігін көрсетіп жатыр. Өңірлерге сайлаушылармен кездесуге барған сайын депутаттар халықтың бір жарым мыңнан астам мәселесі мен аманатын арқалап келеді. Осы сессияда Парламент депутаттары 500-ден аса елді мекенге барып, азаматтармен 1 200 кездесу өткізді. Онда көтерілген барлық мәселе Үкімет алдына қойылды. Біз оларды бұрыннан қалыптасқан тәжірибе бойынша, арнаулы



кет басшысының жан-жақты ойластырылған халықтың талап-тілегіне, елдің мүддесіне негізделген стратегиясын басшылыққа алып келеді. Бұл ұстаным бағыт-бағдарымызды айқындап, күш-қуатымызды бір арнаға жұмылдыруға жол ашты. «Парламенттің күнделікті жұмысы, ең әуелі, осы реформалар мазмұнын одан әрі байытты, нақты іспен қолдауға бағытталған. Сессия басталарда Мемлекет басшысы өз Жолдауында алға қойған басты міндеттер біздің жұмысқа серпін беріп, қарқын қосты. Ұлттық құрылтайда айтылған стратегиялық идеялар Парламент назарын қоғамның ең өзекті мәселелеріне аударды. Президенттің Сайлауалды бағдарламасы аясындағы заңнамалық бастамалардың бәрін дерлік депутаттық корпус осы сессияда іске асырды. Үшінші сессия барысында Парламент палаталарының 3 бірлескен отырысы, Сенат пен Мәжілістің 39 жалпы отырысы өтті. Қос палатаның қарауында 158 заң жобасы болды, оның ішінде 89 заң қабылданды. Сессия барысында біз әлеуметтік саясат пен азаматтарымыздың мүддесі мызғымас басымдық екенін айқын көрсеттік» деді Мәжіліс төрағасы.

Осы орайда ол бұл қадамдар еліміздің негізгі қаржы құжатында – үш жылдық бюджетте көрініс тапқанын атап өтті. Атап айтқанда, оның шығыс бөлігінің шамамен 40 пайызы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған. Білім беру, ден-

тар, халықты сапалы сумен қамтамасыз етуге, ауылды қолдауға қосымша қаражат бөлінді. Аталған шараның бәрі азаматтарымыздың тұрмысын жақсартуға, өңірлерді дамыту мәселесін шешуге мүмкіндік береді» деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс спикері депутаттар жолдаған сауалдарға меморгандардың берген жауабы көңілден шықпайтынын ашық айтты. «Осы сессия барысында мемлекеттік органдарға 625 сауал жолданды. Әр сауалдың артында халықтың толғандыратын мәселе тұратыны белгілі. Алайда оларға берілген жауаптардың мазмұны мен сапасына көңіл тола бермейді. Тағы да жаңа сұрақтар туындайды. Бұл жағдай кейде депутаттарды мемлекеттік органға қайта жүгінуге мәжбүр етеді. Біз Үкіметпен бірге осы мәселелерді жүйелі шешуіміз керек. Келесі сессияда Үкімет мүшелерін арнайы шақырып, жоғарыда айтылған мәселелерді талқылау жоспарымызда бар» деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс төрағасы мемлекеттік органдар мен депутаттық корпусың бірлескен жұмысының жақсы үлгілері де бар екенін айтты. «Мысалы, ауыл халқының табысын арттыруда, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда, ауыл әкімдерін оқытуда және азаматтардың шамадан тыс қарыз алуы проблемаларын шешуде ортақ жұмысымыздан елеулі нәтиже көріп отырмыз. Сайлаушылардың талап-тілектері бойынша Үкімет есебін тыңдауға

жалпы отырыста талқыладық» деді ол.

Сондай-ақ палата басшысы Үкімет Парламентке хат жазу арқылы мәселені шешуді әдетке айналдыра бастағанын мәлім етті. «Конституция бойынша, депутаттармен қатар Үкіметтің де заңға бастамашылық етуге құқы бар. Алайда заң жобасын өздері әзірлеу орнына, министрліктер мәселені депутаттардың түзетулері арқылы немесе Парламентке хат жазу арқылы шешуді әдетке айналдыра бастады. Үкімет регламенті бойынша, түзетулерді заң жобасын Мәжілісте талқылау кезеңінде енгізу туралы норма бар. Бірақ министрліктер тарапынан ол нормаға тым жиі жүгіну орын алып отыр. Кейде ондай түзетулер тіпті жалпы отырыс өтетін күні келіп түсіп жатады» деді Мәжіліс спикері. Оның айтуынша, осы сессияда аталған тармақ бойынша Үкіметтен келіп түскен хаттар саны екі есе артты. «Ал бұл тармақ ерекше жағдайларда, Мемлекет басшысының шұғыл тапсырмаларына немесе дереу шешуді қажет ететін маңызды мәселелерге ғана қолданылуы керек. Негізінде мұндай маңызды мәселелер Үкімет қабырғасында жан-жақты пысықталып, терең зерттеліп, хат түрінде емес, заң жобасы ретінде рәсімделіп барып Парламентке түсуге тиіс. Мұның бәрі заң жобаларының Парламенттен өтуін қиындатады және сапасын төмендетеді» деді Ерлан Қошанов.

ЕСЕПТІ ҰЛТТЫҚ БАНККЕ ҰСЫНАДЫ

1 шілдеден бастап екінші деңгейлі банктер, шетелдік банктердің филиалдары, Қазақстанның Даму банкі және «Қазпошта» АҚ Ұлттық банкке қазақстандықтардың банк шоттары мен салымдары бойынша бірқатар есепті ұсынуға міндетті болады. Бұл туралы Ұлттық банктің арнайы қаулысында жазылған. Бұл талап жалақы картасы иелерінен бастап, депозит ашқандар және қаражат аударымын жасайтын азаматтарға дейін – бәріне қатысты болмақ.

Жаңартылған ереже бойынша, қаржы ұйымдары Ұлттық банкке мынадай есептерді ұсынады: Банк шотының (салымының) иесі туралы есеп – шот иесі жеке тұлға ма, жеке кәсіпкер ме, заңды тұлға ма, резидент пе, бейрезидент пе – соның бәрі көрсетіледі. Мәлімет шот ашылған немесе деректер өзгерген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде берілуі тиіс. Банк шоты (салымы) туралы шарт туралы есеп – банктің шот иесімен байланысы туралы

мәліметтерді қамтиды. Бұл есеп те 10 жұмыс күні ішінде тапсырылады. Банк шоты туралы есеп – шоттың негізгі сипаттамалары көрсетіледі. Банк шоты бойынша операциялар туралы есеп – бұл есеп ай сайын, келесі айдың 10-шы жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырылады. Онда шоттағы ақша қозғалысы мен банк міндеттемелерінің жағдайы көрініс табады.

Берілетін ақпаратта азаматтардың аты-жөні немесе ЖСН

көрсетілмейді. Дегенмен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) қажет болған жағдайда ЖСН немесе БСН-ді сұратуға құқылы. Бұған дейін Қаржы министрлігі, Ұлттық банк және банктер жекелеген шот иелеріне қатысты жаңа талап енгізетінін хабарлаған. Атап айтқанда, үш ай ішінде келіп түскен мобильді аударымдар сомасы 12 АЕК-тен (1,02 млн теңге) асатын тұлғалар салық бақылауына ілігеді.

ҰҚК-нің ЖАҢА ВЕДОМСТВОСЫ ҚҰРЫЛДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі таратылып, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрамына кірді. Президент Жарлығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қайта ұйымдастырылды.

Құжатқа сәйкес, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің су жаңа ведомствосы – ҰҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі құрылды. Антикордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру мен

іске асыру жөніндегі кейбір функциялары мен өкілеттіктері Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне беріледі. ҰҚК мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жаңа ведомствоның құқықтары мен міндеттеме-

лерінің құқықтық мирасқоры болып айқындалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар қатарынан шығарылды.

ӘЛЕМ КУБОГЫ БАСТАЛДЫ

Бір аптаға жалғасатын додада Қазақстан құрамасы барлық 20 салмақта (ер және әйел) ең үздік боксшыларын қатыстырады. Олардың арасында 7 әлем чемпионы Назым Қызайбай, Алуа Балқыбекова, Аида Әбікеева, Санжар Тәшкенбай, Махмұд Сабырхан, Нұрбек Оралбай, Бекзад Нұрдәулетов бар.

«Спорт – өзара құрмет пен сыйластықтың символы. Спорттың басты миссиясы – түрлі ұлттарды жақындас-тыру. Міне, бүгін еліміз Әлем кубогы атты ірі доданы қабылдап, спорт арқылы бейбітшіліктің, достастықтың маңыздылығын тағы бір мәрте әлемге дәлелдеді. 2025 жылы үшінші рет өткізіліп жатқан Әлем кубогы кезеңінде Астанаға ең көп 29 мемлекеттен 300-ге жуық боксшылардың келгенін қуанышпен хабарлаймыз. Барша қатысушыларға сәттілік тілеп, шын мықты жеңіске жетсін» деді Қазақстан бокс федерациясының президенті Шахмұрат Мүтәліп.

Естеріңізге сала кетейік, 30 наурыз – 6 сәуір аралығында Фос-ду-Игуасу (Бразилия) қаласындағы алғашқы кезеңде жерлестеріміз 3 алтын, 3 қола жүлде жеңіп алған болатын. Салыстырмалы түрде сол кезде құрам толықтай жаңарды.

Бұған дейін Астана қаласы Әлем кубогының командалық бәсекесін со-



нау 2002 жылы қабылдап, Геннадий Головкин, Мұхтархан Ділдібеков, Галиб Жафаров сынды жерлестеріміз күміс медальді жеңіп алған болатын.

Астана қаласының тұрғындары жекпе-жектерді күндіз 14:00 және кешке 19:00-де екі сессия бойынша тамашалай алады.

СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қалалық мәслихаты төрағасы Табиғат Зейнұлқабден С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің экономика факультетінің ұстаздарымен кездесті.



– Кездесуге бірден үш маңызды оқиға себеп болды – Астана күні қарсаңындағы дайындық, оқу жылының

аяқталуы және қабылдау науқанының басталуы. Бұл – менің кәсіби жо-лым бастау алған, білім алған alma

mater-im, яғни жүрекке жақын оқу орным. Мұндай сәттерде түлектер мен оқу орны арасындағы байланысты сақтап, тәжірибе алмасудың маңызы зор. Факультет деканы Бегіндік Саутұлына ерекше алғысымды білдіремін. Ол кісі – тек білім беріп қана қоймай, сол жылдары көптеген студенттердің тұлғалық қалыптасуына зор ықпал еткен азамат. Сондай-ақ кездесуді ұйымдастырған Түлектер клубының төрағасы Александр Майерге шынайы ризашылығымды білдіремін.

Бұл бастама – университет пен түлектер арасындағы байланысты нығайтып қана қоймай, кәсіби жолымызға деген құрмет пен бірлік рухын сақтауға себеп болады.

ҚазАТУ – елорданың ең байырғы оқу орындарының бірі. Оның ғылыми әлеуеті мықты, ұжымы тәжірибелі, ал ерекше рухы – жан-жақты дамыған азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Барша профессор-оқытушылар құрамына мықты денсаулық, сарқылмас шабыт, шәкірттердің құрметі мен әріптестердің қолдауын, ең бастысы, өз еңбегінен ләззат алуды тілеймін! – деді мәслихат төрағасы.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЭКО-ВЕЛОЖАРЫС

Бас қалада зейнеткерлер арасында ерекше форматтағы экологиялық веложарыс ұйымдастырылды. «Жасыл жол – ұрпаққа аманат» атауымен өткен іс-шараға 60-тан астам зейнеткер қатысты.



Веложарыс салауатты өмір салтын насихаттаумен қатар, аға буын өкілдерінің қоғамдық белсенділігін арттырып, экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталды. Шараға 61-84 жас аралығындағы велоспорт әуесқойлары қатысты. Ең жасы үлкен қатысушылар – 84 жастағы Қайыпқали Смағұлов пен Андрей Федоров. Олар жастарға үлгі боларлықтай сергек қалпымен көзге түсті. Зейнеткерлер бұл бастама арқылы қала тазалығын сақтауға, табиғатты аялауға үндеу тастады.

Велошеруге Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы, Спорттық-бұқаралық іс-шараларды жүргізу дирекциясы, Аманат партиясының өкілдері және Нұра ауданының әкімдігі қолдау білдірді. Соңында қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталды.

Бұл веложарыс зейнеткерлердің белсенділігін арттырып қана қоймай, қоғамда экологиялық сана мен ұрпақтар сабақтастығын нығайтудың бір үлгісіне айналды.

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» – ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫ

Астана қаласы Сарыарқа ауданының прокуратурасы ҚР Бас прокурорының бастамасымен мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында «Ашық есік күнін» өткізді.

Іс-шара «Заң және Тәртіп» қағидасы аясында ұйымдастырылып, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өзекті мәселелерді жедел шешу және халықпен ашық диалог орнату мақсатын көздеді. Қабылдауға құқық қорғау органдарының өкілдерімен қатар жергілікті атқарушы органдар да қатысты.

Ашық есік күні аясында азаматтар тұрғын үй, еңбек, әлеуметтік және қылмыстық құқық салаларына қатысты сұрақтар қойып, білікті кеңес алды. Шараның ашық әрі тиімді форматта өтуіне жергілікті билік те атсалысты.

Астана қаласы Сарыарқа ауданының әкімі Жанасыл Шаукентаев бұл бастаманың халыққа қажетті әрі пайдалы екенін атап өтті.

«Бұл – құқықтық органдардың ұйымдастыруымен жасалып жатқан шара. Оның ішінде Сарыарқа ауданы әкімдігі, ҚР Бас прокурорының

бастамасымен халыққа кеңес беру, мәселелеріне қатысты сұрақтарын қою үшін Ашық есік күні ұйымдастырылып отыр» деді аудан әкімі.

Іс-шара барысында ең көп қойылған сұрақтардың бірі – жақында жарияланған рақымшылыққа қатысты болды.

Сарыарқа ауданы прокуратурасы тергеу бөлімінің бастығы Айдар Советов бұл жайлы нақты түсіндірме берді.

«Қазіргі таңда көбінесе келетін сұрақтардың бірі – қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша және әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдарға қандай шаралар қолданылып, қандай жеңілдіктер қарастырылатыны туралы. Нақты айтқанда, осы айдың 23-і күні шығарылған амнистияның қалай қолданылатыны көпшілікті қызықтырады. Бұл мәселелер бойынша арыздар қабылданып, пробациялық қызметпен бірлесіп талқылануда» деді.



АЛИМЕНТ ТӨЛЕМЕЙ ӘКЕ ЖҮР

Алимент төлеуден жалтарғандарға қандай жаза қолданылатыны туралы елордадағы Нұра ауданының прокуратурасы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Соған сәйкес «Неке (ерлі-зайыпты) және отбасы туралы» кодекстің 171-бабы бойынша, алимент төлеуді кешіктірген әр күні үшін қарыз сомасының 0,1%-ы мөлшерінде өсімпұл есептеледі. Осымен бәрі біткен жоқ. Төлемнен жалтарғандарға Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 669-бабына сәйкес әкімшілік жаза қолданылады:

- 5 АЕК-ке дейін айыппұл;
- 5 тәулікке дейін әкімшілік қамқақ алу.

Егер борышкер бірнеше ай бойы алимент төлемей, сот орындаушыларының ескертуіне құлақ аспаса, ол қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабында мынадай жаза түрлері көзделген:

- 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыс;
- 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

Мысалы, Нұра ауданының прокуратурасы алимент қарызы бар бола тұра, казино мен букмекерлік кеңселерден ұтыс алған, алайда үш

айдан астам уақыт бойы әдейі төлем жасаудан жалтарған борышкерлерді анықтады.

Атқарылған жұмыс нәтижесінде 11 борышкер қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Басқаша айтқанда, бала алдындағы борыш қамауға алумен аяқталуы мүмкін. Бірақ тіпті сотқа жеткізбей-ақ қолданылатын шектеу шаралары бар. Сот орындаушылары мыналарды жасауға құқылы:

- шетелге шығуға тыйым салу;
- уақытша жүргізуші куәлігінен айыру;
- мүлік пен шоттарға тыйым салу.

Бұл – мүмкін болатын шектеулердің бір бөлігі ғана.

Егер қаржылық қиындықтар туындаса, жасырынып қалудың қажеті жоқ. Борышкерге еңбекпен қамту органдарына жүгіну немесе төлемді бөліп төлеу туралы келісім жасағаны жөн. Нұра ауданының прокуратурасы кемелетке толмаған балаларды асырау міндеті ата-аналарға жүктелетінін еске салады.





Сұлтан СЕЙІТ

Негізгі отаны – Таяу Шығыс деп есептелетін нан қазір бидай-дан пісіріледі. «Ас атасы» саналған өнімнің қадірі ешқашан қашқан емес. «Нан бар жерде ән бар» дейтін біздің халық барлық береке мен бірліктің, денсаулық пен байлықтың бастауын осы қасиетті дәммен байланыстырып келеді. Ерекше қастерлеп, кейде жарамсыз қалғанына дейін «киесі бар» деген түсінікпен ретсіз қоқысқа тастаған емес.

Халық саны артқан сайын нан өнімдеріне сұраныс көбейеді. Дүние жүзі бойынша солай. Ал өзіміздің Астана қаласы тұрғындарының жыл емес, ай емес, күн сайын өсімін ескерсек, нан дайындайтын кәсіпорындардың көптеп қажет екені тағы белгілі. 1 жарым миллионнан астам халқы бар елордада бұл жағынан әзірге мәселе жоқ. Тіпті наубайханалар саны уақыт озған сайын көбейіп те келеді. Соның бірі – «R n R Group» ЖШС қарасты «Ертіс нан» брендімен танымал үлкен зауыт. Ашылғанына аз уақыт болған кәсіпорынның алғашқы қарқыны жаман емес. Бір күнде 25 тонна өнім шығаруға қауқарлы серіктестік әзірге тапсырыспен жұмыс істеп тұр.

«Наубайханамыз былтыр жыл соңында ашылды. Жұмыс үдерісі толық автоматтан-

ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП ЖАҢА НАУБАЙХАНА

Әлем тұтынатын осы бір өнімсіз өмірімізді елестету мүмкін бе? Әр шаңырықтың берекесі болып, ақ дастарқанынан табылатын нанның қасиеті баршаға белгілі емес пе? Жалпы осы бір ең қажетті қоректік заттың тарихы тым ілгеріде. Археологиялық мәліметтерде нан Жер бетінде кем дегенде 30 мың жыл бұрын пайда болған деседі. Әрі оның пішіні шелпек тәріздес және бидайдан емес, қоға мен қырыққұлақтың тамырынан пісіргенге ұқсайды. Мысалы, 2010 жылы зерттеушілер ежелгі диірмен мен келсап тәрізді тастың бөлігінде ұн іздерін тауыпты. Ол алдын ала тазартылған, кептіріліп, ұнтақталған өсімдіктер тамырынан жасалған екен. Алынған ұнтақты сумен араластырып, қамырды әбден қызған тас үстінде пісірген.

дырылған. Ал өнім шығаруды биыл ақпан айында бастадық. Қазір күніне 1-2 тонна бөлке нанды тапсырыспен дайындаймыз. Алдағы уақытта бұл өсім ұлғаяды. Өйткені кәсіпорын жұмысы енді-енді ілгерілеуде. Зауытта 30-ға жуық қызметкер бар. Ал келешекте нан пісіру көлемі артса, біз де жұмысшылар санын көбейтеміз. Ол уақытта 100-ден аса қызметкер болады» дейді кәсіпорын басшысы Мадина Оразбайқызы.

Басшының айтуынша, нан дайындаудың өзіне тән күрделі жұмысы көп. Алдымен сапалы

ұн керек. Тазартылған су мен тұздың да маңызы бар. Ең бастысы – нан пісіруде нағыз маман қолы рөл ойнайды.

«Бізде нан өнімдерінің көптеген түрлері бар. Әртүрлі формада дайындалған бөлке нан, тоқаш, қазақтың байырғы табананы, қалаш пісіріледі. Құрамы бір-біріне ұқсамайды. Қосымша 8 түрлі печенье, кекс, пряник сынды тәтті өнімдер де пісіреміз. Бұл тәттілерге де сұраныс жоғары. Біз қазір барлық өнімдерді дүкендерге жіберіп жатырмыз. Бұған қосымша асхана мен кафелерге

таратылады. Алдағы уақытта, яғни оқу жылы басталысымен ыстық тамақ беретін барлық елордалық мектептермен жұмыс жүргізуге ниеттіміз. Одан бөлек, әскери бөлімдермен де келісімшарт жасауға дайынбыз» дейді Мадина.

«Ертіс нан» тауарлық белгісі әу баста Павлодар облысында пайда болған. Біз жоғарыда айтқан «R n R Group» ЖШС нан өнімдерін дайындамастан бұрын аталған өңірде бидай егіп, астық өсірумен айналысады екен. Яғни шикізатты да өздері дайындайды. Осы күн-



ге дейін Павлодар қаласын нан өнімдерімен 100 пайыз қамтып келген серіктестіктің сонда жеке диірмені, наубайханасы және «Алтын астық» атты ұн шығаратын зауыты бар.

«Менің міндетім – наубайханадағы иленген қамырды белгілі бір пішінге келтіріп, қалыпқа салып, пісіруге дайындау. Бізде салмағы 350, 590 және 650 грамм болатын түрлі нан пісіріледі. Зауыт енді ашылғандықтан, біз әзірге 1500-2000 бөлке ақ және қара нан пісіреміз. Жалпы өзім бұл салада еңбек еткеніме 10 жылға жуықтады. Кәсіпорынға келмес бұрын өз бетімше үй жағдайында кондитерлік өнімдер пісіріп, дайындайтынмын» дейді кәсіпорын қызметкері Назима Қажығалиқызы.

Айта кетейік, Астанада

ашылған жаңа наубайханада нан мен ұн өнімдерінің 20-ден астам түрі пісіріледі. Алдағы уақытта 80 түрлі нан шығару жоспарланыпты. Олардың бағасы да әртүрлі әрі елге қолжетімді болмақ.

Сонымен қатар, мұндағы нан дайындайтын құрылғылар мен арнайы пештер шет мемлекеттерден алыныпты. Бірі – Швеция, енді бірі – Болгариядан келсе, бұған қоса италиялық және ресейлік жабдықтар жұмыс істеп тұр. Расымен де бас қаланың экономикалық әл-ауқатының дамуына оң серпін беретін нан зауытының жұмысында әлі де көп жаңалық болары сөзсіз. Бұл қарқыннан таймаса, наубайхана өнімдеріне деген сұраныс астаналықтар тарапынан көбейе береді деген сенім де жоқ емес.

Бетті дайындаған **Ержан ҚОЖАС**

216 МЫҢ ТҰРҒЫНҒА ҚОЛЖЕТІМДІ

Астана қаласын газдандыру мәселесі кейінгі бірнеше жыл бойы өзектілігін жоғалтқан жоқ. Әлі де қала экологиясын жақсарту және халықты «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету – елорда билігінің басым міндеттерінің бірі. Ал Астана қаласы Энергетика басқармасының мәліметінше, елордадағы 6 жыл бұрын басталған газ тарату желілерінің құрылысы үш кезеңге бөлінген.

Бүгінде Сарыарқа (Көктал-1, Көктал-2, Агроқалашық және қаланың ескі бөлігіндегі Г.Потанин көшесінің ауданы), Алматы (Железнодорожный, Промышленный, Оңтүстік-шығыс ауданының оң мен сол қанаты, Күйгенжар, Мичурин, Интернациональный тұрғын алабы), сондай-ақ Ақбидай, Қазақ ауыл шағын ауданында, Есіл («Vela Village», «Құршевель», «Family Town», «Family Park» тұрғын үй кешені) және Нұра («Будапешт», «Cosmic City» тұрғын үй кешені) ауданы «көгілдір отынға» қосылды. Бұған қоса «Тұран», «Тельман», «Оңтүстік-шығыс» газ жылу станциялары мен Ильинка, Тельман, Пригородный, «Family Village», Өндіріс, Кирпичный тұрғын алаптарына газ жеткізу желілерінің құрылысы бітті.

Жалпы Астаны газдандыруда үшінші кезең жұмыстары

2024-2026 жылдарға жоспарланған. Бұған қажетті қаражат республикалық және жергілікті бюджет есебінен және жеке инвестицияларды тарту арқылы қарастырылады. Жобалар аясында қала әкімдігі тарапынан былтыр үшінші автоматтандырылған газ тарату стансасы (АГРС-3) станциясының құрылысы басталды. Сондай-ақ біраз уақыт бұрын газ желісінің құрылысы басталған Шұбар тұрғын алабындағы 890 үйге «көгілдір отын» кіргізіледі. Осы жылы Тельман тұрғын алабында газ желісінің құрылысы басталып жатыр. Мұндағы басты мақсат – қаланы зиянды түтіннен толық арылту. Бізге белгілісі, ең көп көмір түтіні қала орталығындағы осы тұрғын алаптарында байқалып отыр. Бүгінде қажетті қаржы бөлінді. Өткен жылы «Family Village» тұрғын алабында құрылыс-монтаждау жұмы-

сы аяқталып, 8,7 шақырым газ желісі тартылса, Үркер тұрғын алабына пилоттық бағдарлама арқылы құрылыс жұмыстары инвестор шотынан 45 шақырым желі жүргізілді. Бұл – алдағы уақытта 1000-ға жуық тұтынушының газға қосылуына мүмкіндік туды деген сөз. Аталған Үркер тұрғын алабын-



да абоненттердің жалпы саны – 4995. Жалпы жұмыстардың толық аяқталуы осы жылдың соңына дейін жоспарланған.

«Елордада тұратын 216 мыңға жуық халыққа, яғни 14 мың абонентке газ қолжетімді болып отыр. Мұның ішінде нақты 12 мың абонент «көгілдір отын» қызығын көруде. Жұмыстың орындалуы 72% құрады. Атап айтқанда, 2024 жылы «Family Village» коттедж қалашығында және ішінара Үркер тұрғын алабында 1000-нан астам үй және 458 үй шаруашылығы, сондай-ақ Сарыарқа және Алматы аудандарында 194 жеке үй газбен қамтамасыз етілді. Биыл Үркер, Шұбар, Тельман және

Кирпичный т.а. газ желілерінің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Аталған алаптарда газдандыру жобалары бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды, жұмыстарды ағымдағы жыл соңына дейін аяқтау көзделіп отыр» дейді Энергетика басқармасы газдандыру бөлімінің басшысы Рахымжан Алтынбек.

Жауапты басшының сөзінше, әкімдік қаладағы қалған тұрғын алаптарды газдандыру бойынша жобалау жұмыстарын жүргізуде. Мысалы, Өндіріс (2120 үй), Кирпичный (512 үй) және «Garden Village» (68 үй) алабы бойынша сараптаманың оң қорытындысын алу жыл соңына дейін жоспарланыпты. Ал жобалар мақұлданып, қаржыландыру уақытылы жүрсе, бас шаһардың тұрғындары (газ тұтынуы қажет ететін 300 мың халық) көмір жағудан 2026 жылдың соңына дейін толық құтылады деуге болады.

«Бүгінде қалада 800 шақырым газбен жабдықтау желісі қызмет етіп тұр. Бұған қоса 27 газ тарату мен 58 шкафтық газ тарату пункті, қуаты сағатына 460 мың текше метрді құрайтын екі автоматтандырылған газ тарату стансасы жұмыс істейді. Сонымен қатар қала-

дағы барлық жылу электр станциялары газға қосылған. Екіншіден, «Шұбар» тұрғын алабын газдандыру жобасы қарқынды жүзеге асырылуда. Бұл ауданды газбен жабдықтау жұмыстары 2023 жылдың 11 желтоқсанында басталды. Жоба 890 жеке тұрғын үйді сапалы және тұрақты газбен жабдықтауға бағытталған. Бүгінде құрылыс жұмыстарының 90%-ы аяқталды. Жалпы құны 940,3 миллион теңгеге құрайды. Жобаның техникалық құжаттамасы бойынша 30 шақырым газ тарату желісін салу көзделген. Бүгінде оның 27 шақырымы аяқталды. Қазіргі таңда құбырларды бояу және сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілуде. Газ тарату желісінің толық іске қосылуы 2025 жылдың соңына жоспарланған» дейді Рахымжан Алтынбек.

Оның айтуынша, 2026 жылы бас қаладағы 300 мыңға жуық халық газға қол жеткізеді. Сондай-ақ тұрғын үй ауықтары газдандыру және энергия көздерін газға көшіру атмосфераға зиянды шығындың жылына 40 мың тоннаға азайтуға, сондай-ақ газ баллондарын пайдаланумен байланысты төтенше жағдайларды барынша азайтуға мүмкіндік бермек.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ЖУРНАЛИСТІ АЛМАСТЫРА МА?

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ЖАСАНДЫ ОЙЛАЙ АЛАМЫЗ БА?

Әлемдегі қағаз газеттерді шығарушылар жасанды интеллекттің ғаламат мүмкіндіктер туғызуымен қатар қауіп барын да жоққа шығармайды. Өткен жылғы The New York Times-тің Open AI-ға жасаған шағымы қауіп-қатердің бір мысалы бола алады. Өйткені жасанды интеллекттің дәстүрлі медианың дамуына жағымсыз әсері соңғы 20 жылда анық байқалды. Солтүстік-Батыс университеті жариялаған есептегі мәліметтерге сүйенсек, 2005 жылдан бері АҚШ-та газеттердің үштен бір бөлігі жабылып, шамамен 43 мың журналист жұмыссыз қалған. 2023 жылы АҚШ-та әр апта сайын орташа есеппен 2-3 газет жабылып отырған. Мұндай үрдіс Батыс елдерінде әлі тоқтаған жоқ.

Жасанды интеллект медиа кеңістікке жаңадан келген құбылыс емес. The Wall Street Journal-дың R&D-бөлімінің бұрынғы жетекшісі, «Ньюсмейкері: искусственный интеллект и будущее журналистики» атты кітаптың авторы Франческо Маркони соңғы 10 жылда журналистердің жасанды интеллектті игеруінің үш кезеңін бөліп көрсетеді. Алғашқы кезеңде БАҚ жасанды интеллекттің көмегімен мәліметтерге негізделген шаблондық жаңалықтарды дайындауды автоматтандырды. Ол, негізінен, қаржы есептері, макроэкономика көрсеткіштері, спорт жарыстарының қорытындылары болатын. Мына қызықты қараңыз: әлемдік ақпарат алпауыты Associated Press агенттігі 2014 жылы Automated Insights технологиялық компаниясымен келісім жасаған. Тілдік модельдер саласында маманданған компанияның бағдарламасы нәтижесінде қаржы жаңалықтарының санын 12 есеге өсіріп, 300-ден 3700-ге жеткізген. Қазіргі таңда агенттік ЖИ-технологияларының көмегімен жылына 40000 мәтін шығарады. Машиналық оқытудың құралдарын бірнеше жылдан бері Blomberg, Reuters агенттіктері, The Guardian, The Washington Post газеттері және өзге де медиалар қолданып келеді. Мысалы, 2016 жылы HelioGraph өзі жасап шығарған ЖИ-технологияларын Рио-де-Жанейродағы Олимпиада ойындарын көрсетуге пайдаланғаны мәлім.

Екінші кезеңде журналистер ЖИ-ді ауқымды мәліметтерді талдауға қолданды. Бұл – халықаралық журналистикада Mauritius Leaks деген атаумен белгілі журналистік зерттеулер. Әріптестеріміз ақылды машинаның көмегімен 200000 құжатты сараптап, транскриптық компаниялардың Маврикийдің салық заңнамасындағы кемшіліктерді ескеріп, салық төлеуден жалтарғанын растады. Мұндай көлемдегі материалдарды адам баласы оқи алмайтыны анық. Ал венесуэлалық Armando.info зерттеу жобасының журналистері ЖИ көмегімен Амазониядағы пайдалы қазбалар өндірісіндегі заңсыздықтардың былығын халыққа жайып салды. Ал үшінші кезең – қазіргі чат-боттар. Мысалы, ChatGPT-ге белгілі бір жазушының стилінде немесе танымал басылымның стилінде толық мақала жазып беруді

Осыдан үш жыл бұрын, 2022 жылы қараша айында ChatGPT пайда болған кезден бастап мұндай сұрақ жұртты ойландырып келеді. Біреулер жасанды интеллект журналистерді жұмыссыз қалдырады десе, екінші біреулер ол БАҚ-тағы жарнамаға ғана әсер етеді дейді. Үшінші біреулер адамзатты шығармашылық ойлау мен жұмысынан ажыратады деген пікір айтады.



өтіпсін, сол заматта дайындайды. Алайда журналистердің көпшілігі жасанды интеллектті мәтінді аударуға, диктофондағы жазбаны қағазға түсіруге, белгілі бір мәтінді редакциялық стандарттарға сәйкестендіруге, ақпарат іздеуге пайдаланады. Кейбір медиалар ЖИ-ге материал әзірлеуге сенім білдіреді. Мысалы, BuzzFeed ЖИ-дің жәрдемімен викториналар дайындайды. Hemistix Express.de таблоиды әртүрлі тақырыптағы мақалалардың 6 пайызын өзі жазатын Клара есімді виртуалды журналист қызды жасап шығарды. Бірақ қандай оқиғаны жариялау керектігін, материалдар мәтінінің дұрыстығын адамдар тексереді.

ЖУРНАЛИСТЕР ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛУЫ МҮМКІН БЕ?

Осы сауалға жауап іздеген Reuters Institute мамандары әлемнің әр түкпіріндегі 40 елде медиандустрияның 135 көшбасшысына сауал жолдап, зерттеу жүргізген. Осы зерттеудің қорытындыларына үңілсек, сауалнамаға қатысқан медиаменеджерлердің 74 пайызы генеративтік ЖИ редакция журналистерін күрделі міндеттерден босатып, еңбек өнімділігін арттыратынын айтыпты. Алайда барлық үдерістің ортасында адам отыратыны сөзсіз. The New York Times-тің ЖИ саласындағы бастамалар жөніндегі редакциялық директоры Зак Сьюардтың пайымдауынша, бейберекетсіздік жайлаған күнделікті өмірде ЖИ адамның көмегімен ақпарат іздеуге және жинақтауға, мәліметтерді талдау кәдесіне жарайды. Лондон экономика мектебінің Journalism AI зерттеу жобасының жетекшісі, профессор Чарли Беккет технологиялардан өте көп нәрсені күтуге болмайтынын айтады. «Адамдар жазған мәтінде қателер көп кездеседі, біз соны өңдеп, газетке дайындаймыз. Жасанды интеллекттің жазған мәтіні де тура сондай, қателер өріп жүреді» дейді ол. Бұл жердегі бір анық нәрсе: ЖИ сот

залына барып, айыпталушыдан сұхбат ала алмайды, я болмаса қылмыскер өлтірген адамның туыстарымен кездесіп, шындық ақпаратты жаза алмайды.

Ал Оксфордтағы интернет институтының оқытушысы Феликс Саймон қазіргі кезде ЖИ журналистердің орнын алмастыруға қабілетті емес десек те, болашақта жағдай өзгеруі мүмкін деп санайды. «Жасанды интеллект кейбір жағдайда журналистердің атқаратын жұмысын істеуге қабілетті. Мысалы, редакцияда 10 журналист қызды жасап шығарды, 1 роботқа арнайы бағдарлама жүктеп, сол 10 адамның жұмысын істетуге болады» дейді ол. Ф.Саймонның мұндай пікірін Reuters Institute мамандары жүргізген сауалнамаға жауап берген АҚШ, Германия, Ұлыбританиядағы 35 БАҚ-тың медиасарапшылары мен қызметкерлері растайды. «ЖИ шығармашылықпен айналысатын журналистерді ешқашан алмастыра алмайды» дейді CNN International Commercial-дің креативтік технологиялар жөніндегі директоры Иэн Макдональд. «Бұл процесте шынайылыққа кепілдік болуы үшін адамның араласуы міндетті. Ал жасанды интеллект өзіне берілген белгілі бір ақпаратпен ғана жұмыс істейді. Адамның шығармашылық қабілетімен робот бәсекелесе алмайды. Өйткені шығармашылық адамы кейде шаблонның шеңберінен шығып кетіп жатады. Жасанды интеллект – бұл қуатты құралдың бірі, бірақ ол журналистік қарым-қабілетсіз, зердесіз өз бетімен шынайы дүниелерді іске асыра алмайды» дейді И.Макдональд. Бұл пікірді оның әріптесі, EuroNews-тің Таяу Шығыс, Орталық Азия және Оңтүстік Кавказ бойынша бас редакторы Джейн Уизерспун да қолдайды. «Журналистер ЖИ-ді өзінің ассистенті ретінде қолданады, мысалы ChatGPT жаңалықтарды дайындай алады, десек те ол кәсіби маманның көмекшісі ғана» деді Д.Уизерспун Астанадағы өткен II Ортаазиялық медиафорумда сөйлеген сөзінде.

АЛҒАШ РЕТ ГАЗЕТ ШЫҒАРДЫ

2025 жылы 19 наурызда медиаиндустрия әлемінде айрықша бір оқиға болды. Италиядағы Il Foglio басылымы жасанды интеллект жасаған алғашқы газетті жарыққа шығарды. Редакция чат-боттарға сұрақ қойып отырған, қалған жұмысты нейрожелілер атқарыпты. Таңғалдырғаны, ЖИ мәтінді де, тақырыпты да, әзіл-қалжыңды да, газетті көркем безендіруді де өзі іске асырған. Қағаздағы және электрондық нұсқасы бар газетте халықаралық саясатқа арналған бірнеше мақала бар. Соның ішінде АҚШ президенті Д.Трампы туралы «Все выходные Трамп за последний месяц: в каждом конкретном случае» деген қызықты мақала оқырмандардың назарын бірден аударды. Сондай-ақ газеттегі еуропалықтардың үйленбей ұзақ жүруіне не себеп болатынын зерттеген мақала да көп оқылды. Il Foglio-лық журналистер эксперимент жасау мақсатымен мұндай газетті жүйелі түрде шығарып тұруға шешім қабылдады. Италияндық әріптестерінің жаңашыл тәжірибесіне қызығушылықпен қараған ресейлік «Краснодарские известия» газетінің тілшілері де ЖИ көмегімен газет шығарды. Басылымның бас редакторы Владимир Вербицкийдің айтуынша, эксперименталдық жұмысқа үш күн жұмсалған. Газетті ЖИ өзі беттеп, мақалаларды да айдарына қарай бөліп, өзі орналастырған. «Жұмысты бастамас бұрын, ЖИ ондаған журналистік жұмыстарға зерттеу жүргізді, өйткені газеттің стиліне бейімделуі керек. Алайда ЖИ фактчекінгке келгенде бәрібір журналистердің көмегіне жүгінді. Бұл – біздің жұмысымыздың ең маңызды бөлігі, материалды робот жаза ма, журналист жаза ма, бәрібір шынайылығын тексереміз. Осы тәжірибемізді жетілдіру үшін біз газеттің әр санының бір бетін нейрожелілер көмегімен шығарып отырамыз» дейді В.Вербицкий.

2023 жылы депутат болып сайланған сәттен бері еліміздегі барлық негізгі түзеу мекемелерін аралап шықтым. Жуырда ғана Батыс Қазақстан облысындағы жағдаймен танысып қайттым. Айтарым – жағдай ауыр емес, өте ауыр. Бүгін шұғыл түрде шешілуі тиіс мәселелерге тоқталғым келеді. Қылмыстық-атқару жүйесінің (ҚАЖ) созылмалы қаржыландырылмауына байланысты бұл саладағы негізгі міндеттердің орындалуы қатерге тіреліп отыр.

ТҮЗЕТУ МЕКЕМЕЛЕРІН ТҮЗЕТУ КЕРЕК

2025 жылға ІІМ ҚАЖ комитеті 151,4 млрд теңге сомасында шығын жоспарлағанмен, тек 88,3 млрд теңге ғана мақұлданған. Бұл – 63 млрд теңге немесе 42% дефицит деген сөз. Ең осал бағыттардың қатарында – арнайы контингентті азық-түлікпен, киім-кешекпен, коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету бар. Жағдайды одан әрі қиындатып тұрған – сотталғандар санының артуы (2024 жылы – 36923, 2025 жылы – 40364) және қызмет көрсету тарифтерінің көтерілуі.

Бүгінгі таңда шұғыл түрде 14,1 млрд теңге көлемінде қосымша қаржы қажет, оның ішінде:

- * 8,7 млрд тт. – тамақтандыруға (соның ішінде 2,3 млрд теңге берешекті өтеуге);
- * 3,4 млрд тт. – коммуналдық қызметтерді төлеуге;
- * 2 млрд тт. – киім-кешек және төсек-жабдық алуға.

Сотталған шетел азаматтарын өз елдеріне қайтару мәселесі де әлі шешімін таппай отыр. Жыл басынан бері 1000-нан астам шетелдік сотталғанның небәрі 45-і ғана елдеріне қайтарылған. Кейбір мемлекеттер өз азаматтарын қабылдаудан бас тартуда. Осы бағыттағы халықаралық келіссөздер мен ынтымақтастықты жандандыру қажет.

Тағы бір алаңдатарлық жайт – гуманитарлық нормаларды (шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жаза түрін ауыстыру) қолданудағы проблемалар. Залалды өтеген, тәртіп бұзбаған сотталғандарға қатысты мұндай нормалардың қолданылмауы – әділетке қайшы. Мәселен, 2024 жылы 12445 өтініштің тек 4641-і (яғни 37%) ғана қанағаттандырылған.

2025 жылғы 14 наурызда Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай отырысында көмелетке толмаған балалары бар әйелдерге қатысты жазалау тәжірибесін қайта қарау қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты ІІМ-мен бірлесіп заңнамалық түзетулер әзірледім. Алайда 2020 жылдан бері жазаны өтеуді кейінге қалдыру бойынша келіп түскен 83 өтініштің тек 11-і ғана қанағаттандырылған.

Сонымен қатар елдегі түрмелердің инфрақұрылымы мүлде ескірген. Қазақстандағы түзету мекемелерінің 75%-ы өткен ғасырдың 30-70-жылдары, тіпті кейбірі патшалық Ресей заманында – 200-300 жыл бұрын салынған. Бүгінгі талапқа сай келмейтін барак үлгідегі түрмелерді камералық типтегі заманауи мекемелермен алмастыру – кезек күттірмейтін міндет. Барақта 80-100 адам бірге тұратын ортада тәрбие жұмыстарын жүргізу мүмкін емес. Ондай жерде өзіндік қылмыстық субмәдениет қалыптасады.

Осы ортада діни экстремизмнің де тамыры жайылып келеді. ҚАЖК-ның өзекті мәселелеріне күні кеше Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқасында тағы да арнайы тоқталды. Бұл аталған проблеманың маңызын айғақтай түседі. Осыған байланысты мына мәселелерді қарастыру қажет:

- * 2025 жылы ІІМ ҚАЖ комитетінің басым бағыттарына 14,1 млрд теңге көлемінде қосымша қаржы бөлу мүмкіндігін қарастыру;
- * Шетелдік сотталғандарды азаматтығы бар елдеріне қайтару тәжірибесін жандандыру бойынша шаралар қабылдау;
- * Соттардың гуманитарлық нормаларды кеңінен және негізді түрде қолдануын қамтамасыз ету үшін уәкілетті органдарға тиісті тапсырма беру;
- * Көмелетке толмаған балалары бар әйелдерге қатысты жазаны ізгілендіруге бағытталған заңнамалық бастамаларды қолдау.

Абзал ҚҰСПАН,
Мәжіліс депутаты



Райхан РАХМЕТОВА

«Елдегі әрбір баланың бақытты және қауіпсіз балалық шағы болуы тиіс» деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, елімізде халықтың үштен бір бөлігін құрайтын 6,8 млн баланың бәрі өз отбасында бақытты өмір сүрсе жақсы. Алайда бүгінде елімізде 21387 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тұрады. Оның ішінде 17660 бала асырап алған отбасында тәрбиеленуде. Былтыр 3 мыңнан астам жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар отбасын тапты. Оларды отбасыға орналастырудың 4 түрі бар: асырап алу, қамқоршылық, патронат және қабылдаушы отбасы.

Отбасылық орналастырудың жаңа түрі – кәсіби қабылдаушы отбасылар қызметін бастау үшін «Білім туралы заңға» өзгеріс енгізілді. Әдетте, бала алдымен балалар үйіне түсіп, содан соң ғана отбасыларға берілетін еді. Енді жаңа заңға сәйкес олар бірден асырап алушы отбасыға беріледі. Бұлай ету баланы жаңа ортаға бейімдеу барысында болатын күйзелісті мейлінше азайтады. Кәсіби қабылдаушы отбасылар институтын фостерлік отбасы деп те атайды, яғни олар – жетім немесе ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрақты отбасы табылғанға дейін белгілі бір мерзімге уақытша үйіне алып, тәрбиелейтін, арнайы оқытылған отбасылар. Олар екі тараптың арасында жасалған келісімшарт негізінде жұмыс істейді.

Баланың мұндай отбасында болуының ең ұзақ мерзімі – 6 ай. Бірақ бұл мерзім ұзаруы мүмкін. Қабылдаушы кәсіби отбасылар бір уақытта төрт балаға дейін қабылдай алады, әр балаға жеке назар мен қамқорлық көрсетіледі. Мұндай отбасыларға тек төрт санаттағы балалар жіберіледі: жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, панасыз және қараусыз қалған, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар.

– Бұл отбасылар балаларға қауіпсіз үй жағдайын жасайды. Әр балаға жеке көңіл мен қамқорлықты қамтамасыз ете отырып баланы тәрбиелейді. Мұндағы маңызды сәт – балалар анықталғаннан кейін интернаттық ұйымға емес,

БАРЛЫҚ БАЛА ОТБАСЫНДА ӨССЕ ЕКЕН...



Әр бала өз отбасында бақытты өмір сүруі тиіс. Алайда тағдырдың түрлі сынағымен балалар үйіне өтетіндер аз емес. Туған үйінен аяқасты ажырап, ешкім жеке назар аудармайтын топырлаған балалардың ортасына бір-ақ түсу айналасын танып, ештеңені ажыратып үлгермеген баланың көңілінде мәңгі өшпес жара қалдырады. Сондай балалардың интернаттық мекемеге емес, бірден өзіне қамқор болатын отбасыға түсуі үшін Қазақстанда биыл 1 шілдеден бастап кәсіби қабылдаушы отбасылар қызметі басталды.

бірден кәсіби отбасыға әкелінуі. Бұл бүгінгі таңда жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды дұрыс тәрбиелеу үшін өте қажет нәрсе деп санаймыз, – дейді Астана қаласы Білім басқармасы қорғаншылық және қамқоршылық бөлімінің басшысы Гүлмира Жұманова.

«Кәсіби асырап алушы отбасы» атағын алуға үміткерлерге балалар үйінен бала алуға ниетті барлық азаматқа қойылатын талап ұсынылады. Атап айтқанда, ондай отбасылардың некеде тұрған мүшелері 30-53 жас аралығында болуы, міндетті түрде денсаулығы, нашақор-

лық және психикалық күйі бойынша диспансерде есепте тұрмағаны жөнінде анықтама әкелуі, ресми табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болмауы, адам басына 15 шаршы метрден кем түспейтін өзінің баспанасының болуы, ең соңғысы – асырап алушы

ата-аналар мектебінде оқып, психологиялық диагностикадан өтуі талап етіледі. Осылайша асырап алушы ата-аналар қатаң іріктеуден өтеді.

– Бұл әдіс балалардың қолдайы әрі қауіпсіз ортада өсуіне мүмкіндік беріп, оларды ең қиын шақта тұрақты өмір және қамқорлықпен қамтамасыз етуге бағытталған. Кәсіби қабылдаушы отбасы қиын жағдайда қалған баланың алғашқы күндерден-ақ отбасы жылуын сезініп, тұрақты қолдауға ие болуына мүмкіндік береді, – деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Қабылдаушы отбасыға куратор бекітіледі, оның міндеті – отбасын ай сайын тексеру, балаға қатысты жоспар құру. Айта кетерлігі, куратор қабылдаушы отбасыға бақылаушы

орган сияқты емес, отбасының тәлімгері есепті қарым-қатынас құруы керек. Фостерлік отбасындағы ата-ананың әрқайсысына 70 АЕК, яғни 275240 теңге көлемінде жалақы және асырап алған әр балаға 10 АЕК, яғни 39320 теңге көлемінде жәрдемақы қарастырылған.

– Балалар үйіне түскен кезде олар алдымен ауруханаға жатып, сонда екі аптадан бір айға дейін болады. Оның артынан ешкім іздеп келмейді. Жападан жалғыз қалған бала бей-жай күйге түседі, бір өкініштісі, ол сол сәтте ауруханада жатып басқа балалардың ата-анасы қасында екенін көреді. Одан әрі оны Балаларды қолдаудың өңірлік орталығына жібереді. Ол жерде де бала ендігі өмірі қалай болатынын білмей, күтумен уақыт өткізеді, сосын оны балалар үйінің біріне апарады. Балалар үйлерінде ешкім ештеңе түсіндіріп, оған ерекше көңіл бөліп жатпайды. Ал нақты бір отбасында ол әрі кетсе 5-6 баланың бірі болып, балаға дұрыс көңіл бөлінеді. Сондықтан фостерлік отбасы қиын жағдайға тап болған балалардың көптеген күрделі мәселесін шешетіні сөзсіз. Баланың жағдайына қарай оған сәйкес келетін кәсіби қабылдаушы отбасы таңдалады, – дейді «Ана үйі» ресурстық орталығының өкілі Салтанат Сипатилова.

Оның айтуынша, қабылдаушы отбасы қызметінің мемлекетке де тиігер пайдасы көп. Балалар үйіндегі бір балаға бюджеттен айына шамамен 400 мың теңге шығын кетеді. Ал отбасылар асырап алғанда шығын азаяды. Алайда мәселе ақша үнемдеуде емес, ең бастысы, бұл қылмыс пен нашақорлықтың, жезөкшелік пен қараусыздықтың алдын алады. Аталған министрліктің деректеріне сүйенсек, соңғы 10 жылда балалар үйінде тәрбиеленетін балалардың саны екі есе азайған. Бүгінде олардың 82 пайызы еліміздегі отбасылардың мүшесі ретінде бірге өмір сүруде.

«Жетімін жылатпаған елміз» деп жиі айтамыз, мемлекет тарапынан қатаң талап, шарттармен қабылданып жатқан мұндай шешімдер құқығы жиі тапталып, қорғансыздығынан көп жапа шегетін балалардың қауіпсіздігін ғана емес, бақытты өмірін де қамтамасыз етеді деп үміттенеміз.

Астанадағы №91 мектеп-гимназияда жазғы мектепалды лагерінде 26 маусым – есірткіге және олардың заңсыз айналымына қарсы күрестің дүниежүзілік күніне арналған «Таңдау аймағы: тәуелділіксіз өмір» фестивалі өтті.

ҚҰРТТЫҢ ПАЙДАСЫ ОРАСАН



Фестиваль барысында лагерь демалушыларына «Көңілді старт» квест ойыны түрлі логика тапсырмаларын шешу және зияткерлік ойындары ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар балаларға салауатты өмір салтының маңызын түсінуге көмектесті.

«Этно-life: денсаулық пен дәм» аймағында «Атамекен» киіз үй лагерінің тәлімгерлері «Құрт – ұлттық суперфуд» шеберлік сабағын ұйымдастырды. «Атамекен» жасағының демалушылары ұлттық тағам түрлерінің ішіндегі ең пайдалысы – құрт туралы көп мәлімет

алды. Олар құрттың жасалу жолымен танысып қана қоймай, өз қолымен құрт жасап көрді. Құрт – қазақ халқының ежелден келе жатқан табиғи антибиотигі. Кальций мен дәруменге бай, ағзаға күш-қуат береді, ыстықта шөлді басады, асқазан-ішек жолдарын тазартады.

Тәлімгерлер балаларға құрттың пайдасын тек ғылыми тұрғыда емес, астары бар ұлттық нақышта түсіндірді. Мысалы, кей жастардың арасында зиянды әдет – насыбай ату жиі кездеседі. Ол денсаулыққа өте қауіпті, түрлі ауыз қуысы, асқазан ауруларына шалдықтырады. Ал қазақтың құртындай табиғи таза өнімді ауызға салсаң – күш береді. «Шөлің басылсын десең – құрт же, денсаулығыңды ойласаң – жат әдеттен аулақ бол!» деп ата-бабамыз әрқашан ұрпағын ойлап, тек денсаулықты ғана емес, рухани тазалықты да бірінші орынға қойған. Олар жас ұрпақтың бойына адалдықты, табиғилықты, ұлт болмысын сіңіруді көздеген. Құрт – соның бір дәлелі. Қазақ халқының өмір салты, тағамы мен тәрбиесі бір-бірімен тығыз байланысты. Ал жат әдеттер – жат мәдениеттің қалдығы. Сондықтан «Атамекен» жасағының демалушылары құрт жасап қана қоймай, сол арқылы таза болмысты, ұлттық құндылықты, салауатты өмір салтын бойына сіңіріп қайтты.

Гүлнәр АХМЕТОВА,
№91 мектеп-гимназия
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті елорда тұрғындары! Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасына сәйкес, Астана қаласының Саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС бірлесіп, **Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасын** әзірлеуде.

Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу елорда дамуына инвестиция көлемін ұлғайту және инвестициялық қызмет үшін қолайлы жағдай жасау қажеттілігіне байланысты жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасының дағы саулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес, елорда тұрғындарын Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспары жобасымен танысуға және оны талқылауға шақырамыз.

Жобалық шешімдерге қатысты

көрме материалдарымен алдын ала жұмыс күндері **2025 жылғы 14-18 шілде аралығында** Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 22 мекенжайы бойынша сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін (түскі үзіліспен) танысуға болады.

2025 жылғы 22 шілдеде Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 22 мекенжайы бойынша макет залында сағат 10.00-де қорытынды қоғамдық талқылаулар өтеді.

Сондай-ақ жобаның материалдарымен Саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana-saulet> сілтемесі бойынша «Жаңалықтар» бөлімінде танысуға болады.

Негізделген ескертулер мен ұсыныстарыңызды (қағаз немесе электрондық түрде) 2025 жылғы 16 шілдеге дейін келесі электрондық пошта мекенжайына жолдай аласыздар: smgr@astangenplan.org.kz, тел.: 47 20 63 (2117).

Елорда өміріне белсенді қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамыз!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Табиғи монополия субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Астана қаласы, І.Жансүгірлы көшесі, 7 мекенжайы бойынша орналасқан «Астана-Теплотранзит» АҚ тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында бекітілген тарифтік сметаның орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп беруді өткізеді.

Тыңдау 2025 жылғы 23 шілдеде сағат 15.00-де Астана қаласы, І.Жансүгірлы көшесі, 7 мекенжайындағы «Астана-Теплотранзит» АҚ ғимаратында өткізіледі, сондай-ақ [facebook.com/aleumet.kz](https://www.facebook.com/aleumet.kz) әлеуметтік желісіндегі «Астана-Теплотранзит» АҚ-тың ресми парақшасы арқылы онлайн режимде таратылады.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

1998 жылдың 6 мамырында елорданың Алматы және Сарыарқа атты алғашқы аудандары құрылды. Сол кезде Мұхтар Дүйсенұлы Алматы ауданы әкімі аппаратының басшысы болып тағайындалды. Кейіпкерімізді бұл қызметке ауданның тұңғыш әкімі Ахметолла Шәкіров лайық көрген еді. Ол уақытта әкімдікте қарапайым ғимарат та болмаған. Аппарат басшысына мекемені қалыптастырудан бастап, аудан тынысын жолға қою, инфрақұрылымын реттеу жүктелді. Осы жұмыстардың бәрін абыроймен алып шықты.

Жаңа ғасыр туғанда аудандағы табысты қызметі ескерілген болуы керек, қала әкімдігіне ұйымдастыру-бақылау бөлімінің меңгерушісі лауазымына шақырылды. Онда қаланы дамытуға қатысты көптеген құжатпен жұмыс істеді. Шаһарды безендіру, гүлдендіру, абаттандыру, жолдарды салу мен жөндеу, қоғамдық көлік қызметін ұйымдастыру секілді жұмыстарға байланысты құжаттарды лездемелерге дайындады. Содан соң қала әкімі аппараты басшысының орынбасары болды. Сонда Президент әкімшілігі, министрліктермен, Парламент депутаттарымен, басқа да мемлекеттік органдармен тікелей қарым-қатынас жасады. Себебі бас қала болғаннан кейін аса маңызды іс-шараларды өткізу кезінде мұқият болу қажет еді.

Қызмет жолы Алматы ауданы әкімінің орынбасары ретінде жалғасты. Сол уақытта қалада қаптаған апатты жағдайдағы ескі үйлерді ысыру, су тасқынының алдын алу, ауданды жылыту маусымына дайындау, тұрғындарды сумен қамтамасыз ету сынды жұмыстармен айналысты. Бас қалада Ішкі саясат департаменті құрылғанда осы мекеменің басшысы болып тағайындалды. Бұл ретте бұрынғы партиялық қызметіндегі тәжірибесі ескерілді. Мұнда қоғамдық бірлестіктермен, БАҚ-пен жұмыс істеді. Басты



СЕКСЕННІН СЕҢГІРІНДЕГІ СЕРГЕКТІК

Ерке Есіл жағасында жаңа елорда орда тіккен уақыттан бастап бас қаланың қалыптасуына үлес қосып, қазіргі күнде де Астананың өркендеуіне атсалысып келе жатқан азаматтар арамызда бар. Солардың бірі – қалада бірқатар басшылық қызметтерді атқарып, бүгінде шаһар зейнеткерлерінің басын қосып отырған, өзі құрған Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркетаев.

назарды бірлік, татулық мәселелеріне аударды. «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінің материалдық-техникалық базасын күшейтуге көңіл бөлді.

Елорда тұрғындары көбейген сайын қаланы дамытуға қатысты жаңа міндеттер пайда болды. Сол уақытта Алматы ауданының әкімі қызметіне келді. Онда «Астананың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» атты мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асып жатқан. Мұхтар Дүйсенұлы осы ауданда қызмет істеп, аяқтай алмаған жұмыстарды жалғастырды, құрылыс қарқынды жүріп жатқан қаланы одан әрі өркендетуге барын салды. Атап айтқанда, жаңа тұрғын үйлердің, мектептердің, ауруханалардың, балабақшалардың, мәдениет және спорт ошақтарының, тұтастай алғанда, қаладағы әлеуметтік нысандардың құрылысы жүргізілді. Оңтүстік-шығыс, Казгородок, басқа да шағын аудандарды үзіліссіз электрқуатымен қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламасы бекітілді. Көпірлерді, кәріз, арық жүйелерін салу мен жаңғырту, қала тазалығын сақтау, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару

ру секілді шаруашылық жұмыстары тынбады. Аула клубтарын, ардагерлерге арналған шағын орталықтар ашылды. Сол уақытта сол жағалау Алматы ауданына қарайтын еді. Министрліктер үйі, Сыртқы істер министрлігі, Жоғарғы сот, Қорғаныс министрлігі, т. б. мемлекеттік органдарға арналған ғимараттарға жер телімдері бөлінді.

Қазір елорданың өзекті мәселелерінің бірі – көлік кептелісін азайту. Мұхтар Дүйсенұлы соны реттеу мәселесін баяғыда ойластырып, қолға алды. Сол себептен аудан басшысы кезінде жаңа тұрғын үй кешендерінің жаңында шаштараздар, дүкендер, басқа да халыққа керек нысандардың болуына ерекше көңіл бөлді. Бұл тұрғындар қажет заттарын алыстан іздемей, жақыннан алсын, керек қызметті таяқ тастам жерден пайдалансын деген ниеттен туды. Осы тұрғыдан алғанда, бірнеше жыл бұрын елордада қабылданған «1000 орын. Көше саудасы» бағдарламасын кейіпкеріміз бастап берді деп айтуға болады.

Аудан әкімі кезінде аула-ларда балалар ойын алаңдарының, халық демалып, серуендейтін орындардың салынуын құп көріп, бұл іске демеушілерді, кәсіпкерлерді тартты. Бүгіндері бас қалада саябақтар, шағын бақтар мен қоғамдық кеңістіктер баршылық. Тиісті жұмыс әлі де жалғасып жатыр. Ал солардың басы болып «Жерұйық» саябағы саналады. Бұл нысан Б.Момышұлы мен М.Жұмабаев даңғылдарының қиылысында бұрынғы атшабардың орнында бой көтерді. Оның құрылысын Алматы ауданының әкімі ретінде қадағалады. Мұхтар Дүйсенұлының айтуынша, аталмыш саябақ қазір көз сүйсіндіреді. Өзі де «Жерұйықта» серуендеп, демалғанды жақсы көреді.

«Нұр Отан» партиясы Астана қалалық филиалы төрағасының орынбасары болғанда жастар тәрбиесін айрықша назарға алды. Сол уақытта партия жанынан «Жастар мәслихаты» құрылды. Қазір саясатта жүргендердің біразы осы ұйымнан шықты. Атап айтқанда, бүгінгі Астана қаласы мәслихатының депутаты Владимир Сергеев, басқа да қыз-жігіттерді Мұхтар Еркетаевтың шәкірттері деп атауға болады.

Астана қаласы Қоғамдық кеңесі құрылуының басында да кейіпкеріміз тұр. Оның алғашқы құрамының мүшесі, кейін хатшысы болды. Сол кезде зейнеткерлермен көп кездесіп, оларға қоғаммен қарапайым қарым-қатынас жетіспейтінін, қарттар жиі жалғызсырайтынын, күңгірт ойларға берілетінін байқады. Зейнеткерлер тынысына қатысты арнайы сараптама жүргізіп, соған әбден көз жеткізді. Олардың басын қосатын үлкен орталық керектігін түсінді. Қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есіловке мәселені жеткізіп, ақыдасты. Алматыда ашылған Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының тәжірибесімен танысты. Осы үлгімен Астанада Достық көшесі, 13 мекенжайында қала әкімдігі және демеушілердің қолдауымен осындай алғашқы орталық ашылды.

Бүгінде осындай орталықтың филиалдары елорданың барлық ауданында жұмыс істеп жатыр. Биыл жаңа аудан – Сарайшықта ашылу салтанаты өтті. Орталықта түрлі спорт және өнер бағытындағы үйірмелер, денсаулыққа пайдалы дәрістер өтіп тұрады. Жалпы

25 бағытта жұмыс ұйымдастырылған. Зейнеткерлер шетелдерде өтетін өнер жарыстарына қатысып, топ жарып жүр. Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қызметін қазірге дейін 14 мыңнан астам зейнеткер пайдаланып келе жатыр. Күніне орталыққа 2,5 мың зейнеткер келеді. Астаналық орталық қызметіне басқа өңірлер де қызығып жатыр. Мәселен, былтыр Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының ардагерлері жұмысымен танысып, бұл тәжірибені пайдалануды ойға алды.

Ерекше атап өтерлігі, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы – медициналық ұжым емес, профилактикамен айналысады, яғни түрлі аурулардың алдын алуға септесетін бірден-бір ұйым. Медицина ғылымдарының докторы, профессор Ерболат Дәленовтің кеңесімен орталық жанынан медициналық профилактикамен айналысатын ғылыми-әдістемелік кеңес құрылған. Оған биология ғылымдарының кандидаты Роза Махметқызы жетекшілік етеді. Осылайша Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы зейнеткерлердің бос уақытын ұйымдастырумен қатар ауырмаудың жолын тауып отырған, қабілетін ашып, дамытып жатқан, олардың қоғамға керектігін дәлелдеген ұйымға айналды.

Мұхтар Дүйсенұлының өзі де белсенділіктен жаңылмай келе жатыр. Жасында бокстан спорт шебері атанды. Әлі де спортпен айналысады. Биыл – Жұмысшы мамандықтары жылы. Кейіпкеріміз нағыз жұмысшы болып, төменнен биіктерге жетті. Тракторшылықтан басталған жол қазіргі дәрежесіне жеткізді. Аманат партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі Мірас қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде елордадағы маңызды мәселелердің шешілуіне атсалысуда. Бір сөзбен айтқанда, сексеннің сеңгіріне шықса да, сергек қалпында алға адымдап барады.



ТҮРКІСТАН ӨНЕРПАЗДАРЫ – ЕЛОРДА ТӨРІНДЕ

Астана қаласының театр сахналарында үш күн ерекше қойылымдар мен концерт бағдарламасын ұсынған Түркістан музыкалық драма театрын Түркістан облысы Мәдениет басқармасының басшысы Әзімхан Қойлыбаев бастап келді. Бұл сапар облыстың құрылғанына 7 жыл толуына орай елордада жасалған шығармашылық есеп сынды болды.

Түркістан музыкалық драма театры Музыкалық жас көрермен театрында «Sheikh Sanaap. Fatum» драмасымен ел руханиятына арналған бағдарламасының шымдылығын ашты. Махаббат пен сенім, рух пен құрбандықты көрсете отырып, адам жанындағы терең арпалысты бейнелейтін қойылым көрерменін тәтті еткенін жұрт тамсана әрі ынтыға сөз етті.

Спектакль парсы-тәжік классикалық әдебиетінің та-

маша өкілі және ойшылдарының бірі Фаридуддин Аттордың шығармасына негізделген екен. Драмалық қойылымның режиссері – Тәжікстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Орталық Азиядағы ең танымал театр режиссерлерінің бірі, драматург Барзу Абдураззак. Режиссерлік шешім, актерлік шеберлік пен сахналық бейне көрерменге терең әсер қалдырып, аузының суын құрта «байлап алған».

«Түркістан» ансамблі Түркістан музыкалық драма театры жанынан биыл құрылып, алғашқы беташар концерттерін ұлық мереке Наурыз аясында халыққа ұсынған. Мына сапар – көркемдік ұжымның тұңғыш гастролі.

Темірлан Шөкеновтің «Ғасырлар әуені» композициясымен басталған рухты әуен Санджай Альмишевтің «Жерұйығымен» жалғасып, Есбайдың «Ақ ілме» күйіне

ұласты. Одан кейінгі «Елімай», «Түркістан хикаясының» өзі бір-бір драма десек болады.

Әсіресе «Гауһар ана» биі сыртқы көркемдігімен қатар ішкі мазмұнымен көрген көзді баурап, үйіріп жөнелді. Әсіресе соңына қарай әуеден қазаққа ең қастерлі бұйымның бірі – бесіктің түсуі тіптен әсерлендіріп жіберді.

Елорда жұрты түркі өркениетінің тамырымен терең байланысқан музыка, би және сахналық көріністерге тәттілікпен тамсана шапалақ ұрды. Ұжымның жетекшілігін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші Ардақ Балажанова қолына алған екен. Әртистердің костюмдері де аса бір жоғары талғаммен

тігілген. Аспаптарының өзі таңдай қақтырады. Домбырадан бөлек, прима қобыз, шертер, жетіген сияқты ұлттық аспаптарға фортепиано, флейта, гобой, баян, гитара, бас гитара, ұрмалы аспаптар, виолончель араласқан. Мұның өзі мәдениеттер гармониясының бейнесі іспетті. Ансамбль жаңа ғана құрылғанмен, әбден ысылған өнерпаздардан құралғаны байқалады.

Осы алғашқы қарқын аңдап, «Түркістан» ансамблі болашақта ұлттық өнеріміздің өркендеуіне үлкен үлес қосатынына еш шүбәміз қалмады. Ансамбль алдағы уақытта қазақтың бай музыкалық мұрасын жаңғырту мақсатында жұмыс атқаратынына көпте-

ген жағымды негіз бар екен. Бұл ретте Түркістан жастар театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Әлімхан Мырзаханның да еңбегі зор. Ұйымдастырушылық тізгінді берік ұстағаны көрініп тұр. Өнерпаз ұжымға белгілі әншілер Клара Төленбаева, Светлана Айтбаева құтты болсын айта келіп, бір-бір әндерін шашу етіп шашты.

Ертеңінде өнер керуенінің шеруі ұлы композитор Шәмші Қалдаяқовтың өмір жолының бір кезеңін бейнелейтін «Валс короли» спектаклімен жалғасты.

Әділбек АЛПЫСБАЙ,
жазушы-журналист



«ҚАЗАҚКОНЦЕРТ» МАУСЫМДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы «Grand fest» музыкалық фестивалі аясында бірқатар концерттік бағдарлама ұсынып, 64-концерттік маусымын аяқтады.

Концерттік маусым өткен демалыстарда қос концертпен түйінделді. Алғашқысы астанадағы амфитеатрда ашық аспан астында өткен «Біздің жәрмеңке» ұлттық өнер мерекесін «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығы ұйымдастырды. Концертте қазақтың халық әндері мен халық композиторларының мұрасы, ұлттық аспаптар насихатталды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Құмарбек Қалқатай, Ерболат Шалдыбеков, Раушан Оразбай, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары Асқар Мұқият, Күнсұлу Түрікпен, Мәдениет саласының үздіктері Қайрат Айтбаев, Перизат Тұрарова, Мақсат Медеубек, Бауыржан Бекмұханбет, Мәдениет

қайраткері Толғанбай Сембаев, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаттары Аяулым Қамажан, Венера Табыс, Ақерке Тәжібаева, Бауыржан Мұхаметбай, Жанту Дадабаев, Дарын Құдайберген, Әлихан Дүйсенбай, Біржан Айтахмет, Дәрия Бекпенбетова, Жасұлан Кәрімов өнер көрсетті. Сондай-ақ «Astana sazu» қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблі, «Birlik» ансамблі қатысты.

Ал «Қазақконцерттің» 64-концерттік маусымын гала-концерт қорытындылады. Бұл кеште танымал отандық эстрада әншілері, белгілі сахна шеберлері мен жас таланттар бас қосып, ашық аспан астында кең көлемді музыкалық шоу ұсынды.

Концерттік бағдарламада танымал композициялар, заманауи аранжировкалар, оркестрлік сүйемелдеу және ашық аспан астындағы мерекелік атмосфера ұсынылды. Ел есінде сақталған сүйікті әндер жаңаша әрленіп, жанды орындауда көрерменге жол тартты. Олардың қатарында «Сәлем саған, туған ел», «Жан досым», «Ақ дариға», «Қазақ елі», «Желсіз түнде жарық ай», «Ахау керім» сынды халық жүрегінен орын алған туындылар бар.

Концертке «Қазақконцерттің» танымал солистері мен шығармашылық ұжымдары қатысты. Атап айтқанда, Қазақстанның халық әртісі Мақпал Жүнісова, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Нұрлан Өнербаев, Қа-

зақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Сүлеймен Ибрагимов, Құрмаш Махан, Клара Төленбаева, Гүлсім Мырзабекова, Азамат Жылтыркөзов, Бибігүл Жанұзақ, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегерлері Алтыншаш Мұқатаева, Анна Уварова, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Перизат Тұрар, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Азат Мәлік, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Дәрия Бекпембет, Аяулым Қамажан, Дидар Абдухалық, Ақбөпе Әлібекова, Асылхан Шалқаров, Ербол Тәжібаев, Нұрсұлтан Әнуарбек, Нұрсезім Саматқызы, сондай-ақ Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрі, «Гүлдер» және «Бірлік» ансамбльдері, «Turan» этно-фольклорлық ансамблі, «Saz&Soul» тобы және «Astana Musical» мемлекеттік театры өнер көрсетті.

ТЕННИС ТУРНИРИ БАСТАЛДЫ

Елордада теннистен «ITF Juniors J30 Astana» халықаралық жасөспірімдер турнирі салтанатты түрде ашылды. «Дәулет» теннис орталығында басталған сайыс 5 шілдеге дейін жалғасады. Аталған турнир Қазақстан теннис федерациясы, ҚР Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен және Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Дәулет» МКҚК ұйымдастыруымен өтуде.

Халықаралық жасөспірімдер турының бір бөлігі – турнирдің іріктеу кезеңі 28-29 маусым күндері өткен болатын. Ал жарыстың негізгі кезеңі 30 маусым мен 5 шілде аралығын қамтиды.

18 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздар бақ сынайтын байрақты бәсекеге қатысушылар қатарында Қазақстан спортшылары да бар. Еліміздің жас теннисшілері үшін бұл халықаралық дода тәжірибе жинап, ITF жасөспірімдер рейтингінде ұпай жинауға үлкен мүмкіндік бермек. Бұған қоса, спортшылардың кәсіби тенниске дайындық деңгейін арттыруға көмегі көп болары сөзсіз.

«Жалпы осы халықаралық турнирдің мақсаты – Қазақстандағы жасөспірімдер

теннисін қолдау және дамыту. Оған 7 мемлекеттен, яғни Қазақстан, АҚШ, Қырғызстан, Өзбекстан және тағы да басқа елдерден жасөспірімдер құрамалары қатысуда. Финалдық матч 5 шілде, яғни сенбі күні өтеді деп жоспарлануда. Сонымен қатар осы күні жеке санаттағы жеңімпаздар да анықталды» дейді «Дәулет» теннис орталығының жетекшісі Дина Темірғалиева.

Айта кету керек, «Дәулет» теннис орталығы – Астана қаласынан бөлек, жалпы еліміздегі жетекші спорт нысандарының бірі. Мұнда жыл сайын 50-ден астам турнир өтеді. Орталықта 600-ден астам бала, соның ішінде инклюзивті топтағы балалар да жаттығып келеді.



Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

БИЛІК БАҚ ПА, СЫНАҚ ПА?

Астана қаласының «Жастар» театры жаңа премьераны ұсынды. Белгілі жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермек Аманшаевтың «Қыр астындағы сол бір ғажайып әлем» әфсанасының желісімен «1001 түн» қойылымы сахналанды. Қоюшы режиссері – аталмыш театрдың көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрқанат Жақыпбай.



Премьера аясында жас суретшілер мен қолөнер шеберлерінің, зергерлердің туындыларынан көрме ұйымдастырылды. Мұнда қойылған жұмыстардың көпшілігі ертегі әлеміне жетеледі. Аталған театрдың актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәурен Серғазин, әйгілі әнші, Қазақстанның халық әртісі Димаш Құдайберген сынды белгілі адамдардың портреттері де орын алды.

Егер ғайыптан тайып, бір күні таңда патша болып оянсаңыз не етер едіңіз? Билік – бұл бақ па, сынақ па? Алақанында әлемді ұстаған әміршінің жүрегінде не бар: күмән ба, күш пе, кек пе?.. Қолыңыздан билік сусып түскенде қайғы-қасірет шегесіз бе, әлде шын бостандыққа жетесіз бе? Қойылым осындай сұрақтарды көрерменге қойып, ойландырады. Талантты актер Жандәулет Батай сомдаған бас кейіпкер Әбілқасан басынан түрлі оқиғаны өткізеді. Біресе әмірші, біресе қарапайым адам болады. Оны мұндай күйге үйіне қонақ болатын Мосыл саудагері, шын мәнінде, адамның ойында



не барын білгісі келетін әмірші (Азамат Есқұлов) түсіреді.

Қойылымда өмірдің көп адам байқай бермейтін бояулары, адамның өзімен-өзі іштей арпалысы суреттеледі.

Қоюшы режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың айтуынша, ол шығыс жұлдыздары саналатын шайырларды бұрыннан қызығып оқитын. Сол себептен олардың философиялық шу-

мақтарын қойылымға қосты. Сондай-ақ спектакльде қазақи мақамдар да баршылық. Қойылымға «Жастар» театрының барлық әртісі қатысты. Негізгі кейіпкерлерді Мәдениет саласының үздігі Мәдина Май, Айым Жүсіпбекова, Данияр Оразаев, Ернар Жұматаев, Заңғар Әбдірәсіл, Сүндет Сәрсен секілді актерлер сомдады. Костюмдермен қоюшы-сурет-

ші Ерлан Тұяқов айналысты. Сахналық киім шығыстың емес, қазақи ұлттық нақышта, заманауи стильде тігілді. Сондай-ақ Анар Жүсіпова және Асан Бораншын сынды балетмейстерлердің еңбегін атап өткен жөн. Қиял-ғажайып әлемге енгізіп, ойнақы әуен мен нәзік қимыл арқылы әсер сыйлайтын қойылым көрермендердің көңілінен шықты.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 76
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

✉️ Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС